

1 2010  
21606к

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық  
қатынастар және әлем тілдері университеті

# СОЗ СЕМАНТИКАСЫ: ЛЕКСИКОГРАФИЯ, СЕМАСИОЛОГИЯ, ТЕРМИНОЛОГИЯ

Филология ғылымдарының докторы, профессор  
**БАЙЫНҚОЛ ҚАЛИҰЛЫ ҚАЛИЕВТІҢ**  
70 жасқа толу мерейтойына арналған  
респубикалық ғылыми-теориялық  
конференция материалдары

Алматы  
2009



*ҚАЛИЕВ*  
*Байынқол Қалиұлы*

*Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан*

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем  
тілдері университеті*

*Казахский университет международных отношений и мировых языков  
имени Абылай хана*



**«Сөз семантикасы: лексикография, семасиология, терминология»  
атты белгілі тілші-галым, қазақ тіл білімінің көрнекті маманы,  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, филология  
ғылымдарының докторы, профессор Байынқол Қалиұлы Қалиевтің  
70 жасқа толу мерейтойына арналған республикалық  
ғылыми-теориялық конференция материалдары  
23 қаңтар, 2009 ж.**

**Материалы республиканской научно-теоретической конференции,  
посвященной 70-летию известного филолога, видного ученого деятеля,  
обладателя Государственной Премии, доктора филологических наук,  
профессора Байынкула Калиевича Калиева  
«Семантика слова: лексикография, семасиология, терминология»  
23 января, 2009 г.**

*Алматы, 2009*

81'37: 061.3(574)

ББК 81.2 Каз-3

С 73

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 11.12.2008 (хаттама №3) Гылыми-әдістемелік Кеңес шешімі негізінде баспаға ұсынылды.

С 73 «Сөз семантикасы: лексикография, семасиология, терминология»:


Респ. ғыл.-теор. конф. мат. – Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ. – Алматы, 2009. – 278 б.

ISBN 9965-734-74-7

«Сөз семантикасы: лексикография, семасиология, терминология» респубикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары тіл тарихы және лексикология, тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселелері, салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімі мәселелері, терминология: теориялық негіздері мен практикалық дамуы, сонымен қатар қазіргі казак тілінің бүгінгі таңдағы өзекті мәселелеріне арналған катысуышылардың баяндамаларын қамтиды.

Конференция материалдары тіл білімі, филология, аударма саласының мамандарына, жоғары оку орындарының аспиранттары мен студенттеріне арналған.

С 4602020400  
00(05)-09



ББК 81.2 Каз-3

*Редакторы*

*филология ғылымдарының докторы, профессор С.С. Құнанбаева*

*Редакция алқасы*

*Н.А. Сарсембаева, З.Ш. Ерназарова, С.Е. Исабеков,*

*М.К. Исаев, Қ.Т. Рысалды, М.С. Атабаева*

*Корректорлары*

*А.Т. Бозбаева, Г.З. Қамзина, Ф.Ж. Тұңғатова, Д.Қ. Ибрағимова,*

*Г.Б. Тоқышылықова, Е.М. Солтанаева*

*Рецензенттер*

*Филология ғылымдарының докторы, профессор Ф.Е. Исмаилова*

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор М.К. Кармысова.*

ISBN 9965-734-74-7

©Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, 2009

## **ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС**

**Ерназарова З.Ш.**

*Абылай хан атындағы ҚазХКЖӘТУ-дің  
қазақ филологиясы кафедрасының  
менгерушісі, ф.з.д., профессор*

### **ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ Б.Қ.ҚАЛИЕВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Белгілі тілші-ғалым, казақ тіл білімінің көрнекті маманды филология ғылымдарының докторы (1991), «казақ тілі» мамандығы бойынша профессор (1995), Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық катынастар және Әлем тілдері университетінің профессоры (1995) – Байынқол Қалиұлы Қалиев 1939 жылы қаңтар айының 23 күні Алматы облысының бұрынғы Кеген, қазіргі Райымбек ауданындағы Саты ауылында дүниеге келген. Оның әкесі - Кали, шешесі – Нұрсұлу. Екеуі де карапайым колхозшы.

Байынқол Қалиұлы 1955 ж. Саты ауылындағы Құрметі жеті жылдық мектебін, 1958 ж. Жалаңаш қазак орта мектебін бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің) филология факультетіне окуға түсіп, оны 1963 ж. бітіреді. Сол жылы университет ғылыми көңесінің шешімімен ол аспирантураға қалдырылады.

Б.Қалиұлының тіл білімінен тыс ел, жер тарихына, ата-бабалар шежіресіне, өмір сапарында бірге жүрген жолдастары мен достары жөнінде жазған 7-8 кітабы, 50-ден астам макалалары тағы бар (Бұлардың көлемі – 108,14 баспа табак).

Шындығын айту керек, Б. Қалиұлы көтерген ғылыми мәселелердің көпшілігі өз шешімін тапты десек, мұнымыз артық айтқандық емес. Автордың тіліміздің сөз байлығын сөзтаным, тілтаным түрғысынан қарастырған лексика-семантикалық, этнолингвистикалық, терминтанымдық ізденістерін республика ғалымдары мен әріптестері тарапынан жоғары бағаланғандығы соның дәлелі.

Жоғарыда аталған салалардың ішінен біз, әсіресе, мына 4 саланы бөле-жара атағанды жөн көріп отырмыз. Олар: қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы, лексикографиясы, терминологиясы және сөз мағыналары (семантикасы).

Байынқол Қалиұлы 1967 ж. «Қазақ және қарақалпак тілдеріндегі қысан дауысты дыбыстардың редукциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл, сайып келгенде, туыстас екі тілдің дауысты

дыбыстарын эксперименттік тәсілмен салыстыра зерттеудің басы болатын. Кейіннен ғалым фонетика саласы бойынша өз ізденістерін әрі қарай жалғастырып, «Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы» деген бір монография (А., 1984, 6,90 баспа табак), 18 ғылыми мақала жариялады. Соңғы кезде жоғары оку орындарының студенттеріне арналған «Қазіргі қазак тілі. Фонетика» атты оқулық жазып бастырды (А., 1-ші басылымы, 2004; 2-ші басылымы, 2006; 3-ші басылымы, 2008). Көлемі – 5 баспа табак.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының Тұсіндірме сөздік бөлімінде қызмет ете жүріп, Байынқол Қалиұлы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» деген тақырыпта өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Көп жылдық еңбектің нәтижесінде ізденуші осы тақырып бойынша 20 шакты ғылыми мақала жазып бастырады. Ол мақалаларды жинақтау, корыту арқылы Б. Қалиұлы 1988 ж. «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты монографиясын (А., «Ғылым» баспасы, 10 баспа табак) дүниеге келтірді. Бұл аздық еткендегі ғалым зерттеу жұмысын ары қарай жалғастырып, әрі оны толыктырып, орыс тіліне аударып, 1991 ж. «Названия растений в казахском языке» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Бұл еңбегінде Байынқол Қалиұлы қазақ тіліндегі 5 мыңға жуық қазақша өсімдік атауларына тілдік тұрғыдан талдау жасаған. Еңбек 6 тараудан тұрады. Ол тарауларда өсімдік атаулары лексикалық, фразеологиялық, семантикалық, морфологиялық, ономасиологиялық, этимологиялық тұрғыдан сипатталып, жан-жақты зерттелген. Оған қоса әлгі атулардың тіліміздегі қолданылу аясын, стильдік өрісін, олардың әдеби, жергілікті, кәсіби лексикаларға қатысын айқындаған.

Бұл мәселелер жөнінде Б. Қалиұлының 1996 ж. шыққан «Лексико-семантическая и морфемологическая структура названий растений в казахском языке» атты орыс тілінде жазылған монографиясында кеңінен сөз болады.

Қазақ тілінің сөзтанымына (лексикасына) байланыты Байынқол Қалиұлы тек өсімдік атауларын ғана зерттеп қойған жок, ол, сонымен бірге, төл сөздер мен кірме сөздерді, әдеби сөздер мен жергілікті сөздерді, жана сөздер мен көне сөздерді, кәсіби сөздер мен терминдерді, арнаулы сөздер мен елтаным сөздерді, бейтарап сөздер мен стильдік бояуы бар (сыпайы, тұрпайы, табу т.б.) сөздерді, сондай-ақ, кісі есімдері мен жер-су атауларын, тұракты тіркестер мен мақал-мателдерді үзбей зерттеп келеді.

«Ұлты қазақ азаматтарының аты-жөндері қалай болу керек?», «Латын графикасына көшу керек пе?» деген сияқты ғылыми, ғылыми-көпшілік және полемикалық мақалалар жазып бастырады. Нәтижесінде «Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері», «Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері» және «Сөзстан» деген аттармен үш мақалалар жинағын, жоғары оку орындарының студенттеріне арналған «Қазіргі қазақ тілі. Лексикология» деген оқулық жариялады.

Аталған оқулықтағы «Қазақ тілінің семантикасы» деген тарау аздық еткендей Байынқол Қалиұлы 2002 ж. «Сөз мағыналарының негіздері» деген (А.Жылқыбаевамен бірге) екінші кітабын жарыққа шығарды. Бұл да жоғары оку орындары филология факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы. Көлемі – 8 баспа табақ.

Ол «Сөз – лексикалық бірлік», «Сөздің лексикалық мағынасы», «Сөздің грамматикалық мағынасы», «Сөз мағыналарының түрлері», «Сөз мағыналарының құрылымы», «Сөз мағыналарының дамуы», «Сөздің көп мағыналылығы», «Сөз мағыналарына анықтама беру» деген сияқты ірі-ірі 8 тақырыпқа бөлінген. Бұлар іштей тағы да уақ тақырыпшаларға сараланады.

Тілімізде не көп – терминдер көп. Олардың қатарында төл терминдер мен кірме терминдер де, түбір терминдер мен туынды терминдер де, дара терминдер мен күрделі терминдер де көптеп кездеседі. Терминдер ғылым мен техниканың дамуына, қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік жағдайлардың өзгерістеріне сезімтал келеді. Соған байланысты олардың бірі тілімізге жаңадан еніп жатса, екіншілері уақыт өте келе сөздік құрамымыздан шығып калып жатады. Сондықтан болар, өзін маманмын деп санайтын адамдардың ешқайсысы термин мәселесіне сокпай өте алмайды.

Терминология - тіл білімінің көп аспектілі, әрі саясаттанып кеткен, күрделі де қын мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, күнделікті өмірде терминологияға байланысты талас-тартыстардың жиі туып жататындығы заңды құбылыс деп есептеледі.

Байынқол Қалиұлы осындай дау-дамайы көп терминология мәселесіне байланысты арнайы монографиялық еңбек жазбаса да, оның сан алуан өзекті мәселелері бойынша жалпы саны 40-қа жуық ғылыми, ғылыми-көвшілік макалалар жазып баstryпты. Ол макалаларында ғалым өзінің зерттеушілік көзқарастары мен ұсыныс-пікірлерін, ұстанымдарын көвшілікпен бөлісіп келеді

Зерттеушінің бұл макалалары ғалымдар арасында әр түрлі пікірталас тудырып, қоғамдық ұғым-түсініктердің қалыптасуына ұйтқы болды; талас мәселелердің шешілуіне себепшілік етті. Сондықтан болар, оқырмандардан «терминологияға байланысты макалаларының жеке жинақ болып басылса» деген тілектер де айтыла бастиды. Сол тілектер ескерілген болу керек, Б. Қалиұлы 2008 ж. өзінің терминологияға қатысты макалаларын «Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері» деген атпен жеке жинақ етіп баstryрды.

Түсіндірме сөздік - қазақ тіл біліміндегі көлемді де күрделі, әрі мемнаты мол, сонымен бірге, айырықша маңызды сала еді. Өйткені мұндай еңбек қазақ тіл білімі тарихында да, түркологияда да бұрын-сонды қолға алынған да, жасалған да жоқ болатын.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі – ұжымдық еңбек. Ол 10 том. Әр томы 70-75 баспа табақтан тұрады. Жалпы көлемі – 710 баспа табақ. Сөздік «Ғылым» баспасынан 1974-86 жылдары жарық көрген.

Ол – қазақ тілінің сөздік құрамын молынан қамтыған (онда 92 мың тілдік бірлікке анықтама берілген), бірден-бір толық, әрі нормативтік, әрі академиялық үлкен сөздік. Көлемі жағынан және онда қамтылған тілдік бірліктердің саны жағынан «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі» бұрынғы Кеңестер Одағындағы Ресей (17 том) мен Украина (11 том) елдерінен кейінгі үшінші орынды иеленеді. Басқа түркі тілдерінің ешқайсысында мұндай көп томды түсіндірме сөздік әлі күнге дейін жасалған жок.

Авторлардың бірі ретінде Б.Қалиұлының бір өзі 74 баспа табак, түсіндірме сөздік жасапты. Яғни ол – бүкіл сөздіктің 11 пайызын бір өзі істеді деген сөз. Ал жауапты редактор ретінде Б.Қалиұлы бүкіл 710 баспа табак сөздіктің қолжазбасын түгелдей редакциялап шығып, оларды баспаға әзірледі; гранка, верскаларын оқып, оның барлық ауырпалықтарын мойнымен көтерді.

Әрине, Б. Қалиұлының бұл қажырлы енбегі ескерусіз қалған жок. 1988ж. осы сөздік авторлар ұжымы Казак ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған кезде лауреаттар атағына ие болған 5 адамның алдыңғы қатарында Б.Қалиұлының да есімі аталды.

Байынқол Қалиұлы – «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» он томдығынан (1974-1986) басқа «Қыскаша орысша-казақша сөздік» (1-басылымы, 1987; 2-басылымы, 1993; авторлардың бірі. Б. С әріптерін жасаған), «Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігі» (А., 1993), «Өсімдік атауларының орысша-қазақша және казақша-орысша сөздігі» (Астана, 2005), «Орысша-казақша, казақша-орысша терминдер сөздігі» (А., 1996; Ш.Күркебаевпен бірге), «Қазақ тілінің сөздігі» (А., 1999; авторлардың бірі. Бұл сөздікте Б.Қалиұлы Қ, М, Н әріптерін жасаған), «Қазақ тілі терминдерінің қыскаша сөздігі» (А., 2000), «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. 27-том. Әдебиет және лингвистика» (А., «Рауан» баспасы, 2000; авторларының бірі), «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (2-басылым, 1978; 3-ші басылым, 1988; 4-ші басылым, 1998; 5-ші басылым, 2001; 6-шы басылым, 2007; авторлардың бірі және редакция мүшесі) деген тәрізді ірі-ірі 7-8 сөздік жасаған адам.

Байынқол Қалиұлы, сондай-ак, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» 2-ші басылымынан бастап (1978), оның соңғы 6-шы басылымына дейін (2007) авторлардың бірі ретінде де, редакция алқасының бір мүшесі ретінде де үзбестен қатысып келеді. Галымның бұл саладағы еңбектерінің жетістігі – бұрынғы орфографиялық сөздіктерде жок сөздерді іздең табу мен бірігіп жазылуға тиісті (біріккен) сөздерді біріктіріп жазуға күш салуында болды.

Б.Қалиұлы тек әр түрлі сөздіктер жасап қана қойған жок, ол сонымен бірге, түсіндірме, аударма, терминологиялық, орфографиялық, кері т.б. сөздіктер туралы 35-ке жуық ғылыми-зерттеу мақалалар жазып, олар жөніндегі өзінің ой-пікірлері мен ғылыми тұжырымдарын көпшілікпен ылғи бөлісіп келеді

Университет қабырғасында ұстаз бола жүріп, Б.Қалиұлы студенттердің білім алуына қолайлы болу үшін, қазақ тіл білімі терминдерінің әмбебап сөздігін жасауды ойластырған еді. Оған төлиенің «Тіл білімі терминдерінің тақырыптық, түсіндірмелі, оқулық және екі тілді сөздігін жасау ұстанымдары» деген мақаласы күә. Бірак уақыт тапшылығы оған қол байлау болып, ғалымның ол ойы жүзеге аса қоймапты. Өкінішті-ақ. Әйтпесе ол сөздіктің студенттер үшін таптырмас оку құралы болары сөзсіз еді.

Професор Б. Қалиұлының ғылыми шығармашылығында елеулі орын алатын тағы бір сала бар. Ол – тіл саясаты мен мемлекеттік тіл мәселелері. Аталған мәселелерге байланысты ғалым 30-дан аса ғылыми мақала жазып, өзіндік ой-тұжырымдары мен көзқарастарын баспа бетінде тұрақты түрде баяндап келеді. Байынқол Қалиұлы үшін қазақ тіл білімінің өзекті әрі маңызды мәселелерінің бірі – тіл мәдениеті мен жазушы тілі деген проблемалар. Оның бұл сала бойынша жазған алғашқы мақаласы 1965 жылы «Лениншіл жас» газетінде басылған болатын (23 январь). Ол мақала - «Әрқайсымыздың міндетіміз (Тіл мәдениеті жөнінде)» деп аталады.

Содан бергі уақыт аралығында ғалым аталған тақырыпқа бірнеше рет қайта-қайта оралып, өз ізденістері мен ойларын оқырмандарға «Кеңірек ойлап кеңессек (Ана тілімізді байыту жолдары туралы)» // Лениншіл жас. 1971, 14 октябрь; Тіл мәдениеттілігі // Мәдениет және тұрмыс. 1974, №5, 16 б.; Сөздерді саралай білейік // Өрелі өнер. 1976, 114-117 б.; Барды бағалап, байырғыны жаңғыртсақ (Ана тілі - асыл қазына) // Қазақстан әйелдері. 1982, №9, 14-15 б.; Қазақ тілінің қазыналы сарайы // Лениншіл жас. 1984, 20 март; Жаңа сез жасау шарт емес (Сөйлеу мәдениеті жөнінде) // Мәдениет және тұрмыс. 1985, №12, 13 б.; Тіл мәдениеті және ұлттық сана // Жетісу. 2004, 16 желтоқсан; Жазушының тілдің лексикалық байлығын пайдаланудағы кейбір ерекшеліктері // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. 1981, №1, 41-44 б.; Көшіріп басқанда өшіріп басқан («Жалын» редакциясына хат) // Қазақ әдебиеті. 1982, 5 февраль; Д.Досжанов шығармаларындағы диалектизмдер мен сөйлеу тілі элементтері жайында (Жазушы және сез мәдениеті. 1983, 107-121 б.) атты мақаларында

Байынқол Қалиұлының зерттеу аспектілерінің тағы бірі – этнолингвистика.

Б.Қалиұлы этнолингвистика тақырыбы бойынша «Қазақ этнолингвистикасының қазіргі жайы» // Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 1998. 3-10 б.; «Аспан денелері атауларының этнолингвистикалық сипаты» // Тілтаным, 2001. №4, 36-39 б. (С.Сәрсеновамен бірге) деген тақырыптарда бірнеше мақала жазып бастырды.

Байынқол Қалиұлы - тіл білімінің теориялық мәселелеріне де еркін барып, бұл салада да қомақты үлес қосып келе жатқан маман. Оған дәлел ретінде ғалымның жалпы тіл біліміне қатысты жазып бастырған оқулықтары мен оку құралдарын, мақалаларын келтіруге болады.

Бұлай деп отырған себебіміз: Ол - жоғарыда айтылған З оқулықтан («Қазақ тілінің фонетикасы», «Қазақ тілінің лексикологиясы», «Сөз мағыналарының негіздері») басқа тағы да 2 оқулықтың, атап айтқанда, «Тіл біліміне кіріспе» (А., 1-ші басылымы, 1997; 2-ші басылымы, 2003) және «Жалпы тіл білімі» (А., 1999, 2000, 2004, 2005, 2006) оқулықтарының авторы.

Байынқол Қалиұлы кейінгі жылдары қазақ тіл білімін дүниетанымдық тұрғыдан зерттеумен айналысып жүр. Тілді дүниетанымдық тұрғыдан зерттеу – тіл фактілері арқылы, тілдік бірліктер арқылы халықтың ойлау, түсіну, қабылдау қабілетін, дүниетану ерекшеліктерін айқындау дегенге саяды. Бұлай деуімізге себеп: халықтың ұғым-түсінікттері, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен тілдік бірліктердің арасындағасырлар бойы қалыптасқан тарихи, мәдени, рухани байланыс болады. Дүниетанымдық тіл білімінің мақсаты - осы байланысты ашу, оны оқырмандарға жеткізу.

Аталған тақырыпқа байланысты Б.Қалиұлының өзіндік ой-пікірлері бұған дейін мақалалар көлемінде әр жерде, әр түрлі деңгейде айтылып, жазылып жүрсе де, оны ғылыми-теориялық тұрғыдан тек «Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі» (А., 2008) мен «Танымдық қазақ тілі» (А., 2009) атты монографияларындаған (Сонғы еңбек С.Исақовамен бірге жазылған) жан-жақты, әрі жүйелі түрде толық баяндалып шыққан.

Алғашқы кітап 2 тараудан тұрады: Біріншісі - «Танымдық тіл білімі: теориялық негіздері», екіншісі - «Қазақ тіл білімінің ғылымтанымдық сипаты» деп аталады. Көлемі – 7 баспа табақ. Ал соңғы еңбек 3 тараудан тұрады. Оның көлемі – 9 баспа табақ.

Монографияларда дүниенің тілдік бейнесі, тіл мен таным, олардың арақатынасы, танымдық концептілер мен фреймдер, бұл құрылымдардың тілдегі көрінісі қазақ тіл білімі, оның терминдері негізінде теориялық тұрғыдан жан-жақты сөз етіледі.

Ғалымның өз сөзімен айтсак, дүниенің тілдік бейнесі (языковая картина мира) сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақалмәтелдер, метафоралар мен теңеулер, кісі атаулары мен жер-су атаулары, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, т.б. тілдік бірліктер арқылы, солардың байланыстары мен жүйелілік құрылымы арқылы жасалса, ал тіл білімінің, дәлірек айтқанда қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі осы ғылымға тән терминдер жүйесі мен сол терминдер жүйесі негізінде қалыптасқан концептілер мен фреймдер арқылы, гештальттар мен сюжеттер (сценарийлер) арқылы, яғни тіл білімінің дүниетанымдық құрылымдары мен когнитивтік модельдері арқылы жасалады екен (Аталған кітаптарға қараңыз).

Корыта келе айтарымыз: Байынқол Қалиұлы - саналы ғұмырын тынымсыз еңбектенүмен өткізіп келе жатқан бейнетқор ғалым. Ол өзінің 70 жасының 45 жылын табан аудармай тек қана Қазақ ССР Ғылым академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде ғылыми ізденістермен, ғылыми-ұйымдастыру және педагогтік, оку-тәрбиелік,

қоғамдық жұмыстармен айналысты. 45 жыл бойы тынбай еткен еңбетің нәтижесінде ол 300-ге жуық (жалпы көлемі – 478,5 баспа табақ) ғылыми еңбек жазып жариялагты. Олардың 18-і орыс тілінде.

Бұл еңбектер жеке монография, топтама жинақ, окулық, мақала, сөздік, оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламалар, тестер түрінде жарық көрген. Ал Баекеңнің тіл білімінен тыс жазып бастырған еңбектерінің саны 50 шақты (Көлемі – 108,14 баспа табақ). Сонда барлық еңбектерінің жиынтық көлемі – 586,64 баспа табақ болып шығады.

Ғалымның зерттеу еңбектерінің ең басты ерекшелігі – тақырыптарының (салаларының) сан алуданығы мен кеңдігі, әржақтылығы және терендігі. Ол қазақ тіл білімінің фонетикасынан бастап, лексикология, терминология, семасиология, фразеология, морфология, лексикография, этнолингвистика мен жалпы тіл біліміне дейінгі аралықты түгел қамтып, олардың бәрін жан-жақты әрі сапалы қарастырған.

### *Резюме*

*В статье рассматривается научно-педагогическая деятельность профессора Б.К.Калиева.*

### *Summary*

*This article summers scientific-pedagogical activity of professor B.K.Kaliev.*

**Ә. Жұнісбек,**  
ф.з.д., профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері

## **БАЙЫНҚОЛ ҚАЛИҰЛЫ – ФОНЕТИСТ**

Откен ғасырдың алпысыншы жылдарының басы. Бір топ студенттер С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік үниверситетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) филология факультетін бітіріп, қолымызға диплом алғып жатқан кезіміз. «Кім қайда баратын болды, кім қайда қалатын болыпты?» деп гу-гу етеміз. «Байынқол аспирантураға қалатын болыпты» деген жаңалық ешкімді таңқалдырған жоқ. Өйткені сол бір топтың ішінде бес жыл бойы сабакқа тыңғыштықты қатысып, үнемі алдыңғы қатарды бермей, оқытушының қарсы алдында отырып, дәріс тындалап келген Байынқолмен бәсекеге түсетіндей ешкім жоқ еді. Содан да болу керек, кафедра менгерушісі проф. М.Балақаев бастаған мамандардың көзіне бір өзі түсті. Қалған бәріміз бет-бетімізben кеттік те Б.Қалиев аспирант болып қала берді. Оның ғылыми жетекші жағынан да жолы болып, акад. І.Кеңесбаевтың қолына ілінеді. Ендігі жерде зерттеу тақырыбының басын ашып алу жайы сөз болады. Осы кезде Мәскеуден белгілі түрколог проф. Н.А.Басқаков келе қалады. Ақылдаса келіп, сол кісінің ұсынысымен «Қазақ тіліндегі қысан дауыстылардың редукциясы» деген тақырыпқа тоқтайды.

Міне, Б.Қалиұлының фонетист болып қалыптасар жолы осылай басталған еді.

Ғылымға деген үмтүліс сол тұста оку бітірген студенттердің көпшілігіне тән еді. Сол умітпен бір қатарымыз жоғары оку орындарын, ал енді бір қатарымыз сол кездегі бірден-бір ғылыми-зерттеу орны болып табылатын Тіл білімі институтын жағалап жүрдік. Сөйтіп университет бітіргеннен кейін де көпшілігіміз бір-бірімізден алыс кеткен жоқсыз. Тіл білімі институтының жолдауымен Ленинградтағы А.А.Жданов атындағы мемлекеттік университетінің (қазіргі Санкт-Петербург университеті) акад.Щерба атындағы құралды (экспериментті) фонетика лабораториясында мен тәлімгер-зерттеуші, ал Б.Қалиұлы аспирант болып дәріс алдық. Тірлігі – тәрбие, білгені – білім, білімі – ғылым болып қонған профессорлар Л.Р.Зиндер, М.И.Матусевич, Л.В.Бондарко, В.М.Наделяев, А.М.Щербак тәрізді ғұламалардың алдын көрдік. Сол сапардан фонетика ғылымына деген ынта біржола орнығып, ғылымға деген көзіміз ашылып оралдық.

Ленинград сапары босқа кеткен жоқ. Ақтармаған кітaby, мазмұндамаған мақаласы қалмаған еді, зерттеу жұмысында алғаш құралды фонетика әдісін қолданып, нәтижесін пайдаланған Б.Қалиұлы болды. Оның кез-келген жұмысқа деген тиянақтылығының арқасында зерттеу жұмысын дер кезінде бітіріп, диссертациясын аспирантура мезгілінде қорғап шықты. Еңбектің нәтижесі бертін келе жаңа нұсқадағы жеке монография болып жарық көрді. Дауыстылардың бір қазақ тілі емес, бүкіл түркі тілдеріндегі түрленімі жайлы мол мәлімет жинап берді. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың түрленімін сандық-сапалық тұрғыдан сипаттап шыққан алғашқы еңбек болды. Әсіресе, қазақ тілінде өшік дауыстылардың (глухие гласные) көрнекі дәлелін тапты [1]. Бұл «дауысты дыбыс тек дауыстан тұрады» деп дағдыланған дәстүрлі фонетикаға оқыс қосылған шын мәніндегі жаңалық еді. Сөйлеу үстінде дауысты дыбыстардың да түрленімінің «шексіз» бола беретінін көрсетті.

Теориялық фонетика деңгейінде Б.Қалиұлы дәстүрлі фонетиканың ұстанымдарын қолдайды. Мысалы, өзінің жетекшісі акад. І.Кенесбаевтың ізімен «...төрт дыбыс (қ, қ, ғ, ғ) тілімізде баяғыда-ақ дербес фонема болып қалыптасып кеткен. Оларды айтылуы (артикуляция) жағынан да, естілуі (акустика) жағынан да бір-бірімен ешқашан шатастыруға болмайды» дейді. Әрине, бұл аталған дыбыстардың мәртебесін фонетикалық (айтылуы, естілуі) тұрғыдан емес, фонологиялық (қызметі) тұрғыдан талдау керек екенін ескерген жөн болады. Фонетикалық тұрғыдан талдау – үндесім (сингармонизм) теориясынан алшақтап кету деген сөз.

Бұрын да, қазір де ә дегеннен фонетика саласына құштар бола қоятын талапкер таба қою қыын. Қазіргі көпшілік үшін «фонетика – бар болғаны 42 дыбыс (әріп)». Ал фонетика ғылымының тілтанымның өзге салаларының бәріне негіз болатын бастау көзі көпшілік назарынан тасада жатыр. Бұл – өте өкінішті жағдай.

Осыған орай Б.Қалиұлы «Егер сізден біреу: -Тіл білімінің қай саласы (фонетика, лексика, морфология, синтаксис) қызық? – деп сұрай қалса, сіздің әйтеуір фонетика саласын атамасының анық. Бекер олай ойлайсыз. Әйткені тіл білімі салаларының ішіндегі ең қызығы – фонетика. Әсіресе қазақ тілінің фонетикасы өте қызық» [2] деп жазады. Бұл таза фонетистің ғана айтып отырған сөзі емес. Әйткені Б.Қалиұлы бір ғана фонетикамен қалып қойған жоқ. Бертін келе ол лексика, лексикография, термин бағытында да көптеген іс тындырды, сол салалардың білікті маманына айналды. Ендеши оның жоғарыдағы айтқан сөзін «әркім өз саласын мақтайды» дегеннің керімен «фонетист болған соң, өз фонетикасын мақтап отыр» деп қарамау керек. Керісінше, тілтанымның бар саласының бәрін менгерген, әмбебап маманның тәжірибесінен туған пікір деп қабылдау керек.

Б.Қалиұлының фонетика саласындағы ұстанымдарының ең бастысы қазақ тілінің дыбыс құрамына байланысты. Өкінішке орай, қазақ тілінің оқу-әдістеме саласында («Әліппеден» бастап, жоғары оку орындарына арналған оқулықтар мен оку құралдарына дейін) тіліміздің дыбыс құрамы дұрыс анықталмай, тіптен, теріс түсіндіріліп келеді. Қазақ тілінің дыбыс құрамын дұрыс анықтап, әрбір сөздің айтылымы мен әрбір дыбыстың жасалымын дәл түсіндіріп беріп отырған бірде-бір оқулық не оку-құралын таппайсыз: дыбыс еместі дыбыс деп, дыбыс пен әріпті (таңбаны) шатастырып, барды жок қылыш, жоқты бар қылыш жеткізіп жатқан жалған дүниелер. Әрине, оның ондаған жылдар бойы әміршіл-әкімшіл ( тоталитарлық) саясаттың салдарынан қордаланып қалған «игі мұрамыз» екенін жақсы білеміз. Дегенмен, одан арылатын мезгіл әлдекашан жетті. Егер оқулық және оку бағдарламаларының авторлары ғылыми зерттелімдердің нәтижесін бағамдай білсе, оку-құралдарын жөнге салатын мүмкіндік әбден бар.

Алайда, фонетика саласындағы сыват түспей сіресіп қалған тоталитарлық түйсік-танымымыз әзірге өзінің қазақы жөніне түсетін емес. Ал, ғылыми ақиқатын айтып, көпшілікті сендіре алмай келе жатқан жандар бірен-саран ғана. Олардың бірі – кешегі «өзіме өгей өз тілім» деп, тоң-торыс сананы бері қаратса алмай, ішкүста бол өткен марқұм проф. С.Мырзабеков, енді бірі – кірме таңба-дыбыстарға «басқыншы» деп, әділін тауып ат қойып, баспа беттерінде «мынмен жалғыз алысып» келе жатқан – Б.Қалиұлы. Оның ең алдымен 1957 жылы іргесі қаланған «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін» өзгертуден бастау керек деген орынды пікірі кең қолдау тапса дұрыс болар еді. Сондағы әңгіме қазақ тілінің үндесім әуезін бұзып, буын құрамын бұлдіріп, тасымалды теріс қаратып, сөздің морфем құрамын тасталқан етіп, басы артық жаңсак-жарамсак емле-ереже құрастыруға мәжбурлеп келе жатқан қазақтың төл сөзінің құрамында жазылмауға тиіс кірме әріптер и, у, я, ю тәңрегінде болып отыр. Басқаларды былай қойғанда, тіл мамандарының, оның ішінде фонетика тәңрегіндегі мамандардың, кірме таңбалардың фонетикалық мәртебесін өсіріп, нешетүрлі дәлел/ себеп тауып марапаттауына қарағанда әзірге «сырқаттың» беті қайтатын түрі жоқ. Олар

Б.Қалиұлының жоғарыдағы таңбалар «...қазақ тілі үшін дыбыстар емес – әріптер» дегеніне құлақ аспай келеді.

Қазіргі кезде үлкен қауіп қазақ сөзінің үндесім әуезіне төніп тұр. Өйткені жартыкеш-жарымжан емле-ережелеріміз қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзып сөйлеуге итермелейді де тұрады. Тілі жазумен шығып келе жатқан келесі ұрпақ бейүндесім қазақ тілімен сөйлеп бара жатыр, келешекте басы бүтін солай сөйлеп кетуі де мүмкін. Дәрісханадағы ұстаз ретінде Б.Қалиұлы бейүндес қазақ тілінің пайда болып келе жатқанын көрмей-сөзбей отырған жоқ. Сондықтан да дауысты дыбыстардың жазылуы мен айтылуына баса назар аударып отыр, осыған орай, ерін үндестігінің жазылым/айтылымын жан-жақты талдап береді. Себебі қанша жерден орфоэпиялық сөздіктерді мол етіп шығарғанмен, қазақ сөзінің айтылым үлгісін сыныптар мен аудиторияларға бұзбай жеткізіп, еліктіріп әкететін ұстаз көп болмаса, бәрі бекер. Қазақ сөзінің қазіргі айтылымының ең осал тұсы ерін үндестігіне байланысты болып отыр. Б.Қалиұлы «...ен дұрысы – қалай айтсақ, солай жазылғаны жөн еді» деп, сабыр сақтайды.

Бұын үндестігі деп сингармонизмді түсіндіреді. Оның құрамында ерін үндестігінің орны ерекше. Көп буынды сөздердің құрамында ерін үндестігінің орнықты келетіндігіне мысалдар арқылы тоқталады. Бұл – дәрісханадағы жас ұрпақ үшін аса қажет шарт.

Қазақ тілі дыбыстарының өзіндік талданым жолын ұсынып, көрнекі кестелеп берген. Дыбыс тіркестеріне де арнайы бөлім берілген. Дыбыстық өзгерістер молынан қамтылып, ықпалды және ықпалсыз өзгерістер деген тың жіктелім атаулар ендіріп отыр.

Ал, енді, академиялық үлгіде дәріс алған, академиялық үлгіде зерттеуші болып қалыптасқан Б.Қалиұлы сол академиялық фонетикаға «қарапайым тіл» бітіріп дәрісханаға әкеледі. Сейтіп «дыбыс деген не, қазақ тіліндегі дыбыс бірліктерінің талғампаздығы деген не, тіркесім мүмкіндігі деген не» деген т.б. түсінігі күрделі академиялық сауалдарға кез-келген адамға ұғынықты түсінік беріп алушан бастайды:

«...қазақ тілінің әрбір дыбысын өмірдегі әрбір адамға тенестіруге болар еді. Өмірдегі адамдар мінез-құлықтары жағынан әр түрлі, түр-түрпаттары да қылы. Дыбыстар да өздерінің ерекшеліктері жағынан адамдар тәрізді сан қылы болып келеді», шындығында, әр дыбыстың тек өзіне ғана тән артикуляциялық белгілері бар;

«Өмірдегі адамдардың ішінде ылғи бірге жүріп, бірге тұратын, бір-бірімен тату-тәтті, жолдас, дос адамдар болса, қазақ тілі дыбыстарының арасында да ұдайы көрші тұрып, бір-бірімен үйлесіп, жарасым тауып тұратын дыбыстар болады...», шындығында, үнемі үндесе-үйлесе іргелес тұратын дыбыстар бар;

«Өмірдегі адамдардың ішінде бір-бірімен араз болып, бірі жүрген жерде екіншісі жүрмейтін адамдар болатын болса, дыбыстардың арасында да бір-бірімен көрші тұrmайтын, бірге (катар) жүрмейтін араз дыбыстар

болады», шындығында, үндесім-үйлесімі бөлек болғандықтан басы бірігіп сөз құрай алмайтын дыбыстар бар;

«Егер өмірдегі мінездері сиыспайтын, «араз» адамдар құдайдың құдіретімен кей жағдайларда көрші тұра қалса, немесе үйленіп, отбасын құрай қалса, олардың алдында екі жолдың бірі ғана тұрады: не біріне-бірі бағынып, біріне-бірі икемделіп, бірге тұру; немесе біржолата ажырасып, екеуі екі жаққа кету. «Араз» дыбыстар да дәл осы сияқты: көрші тұрмайды; көрші тұрса, бір-біріне икемделіп, үндесіп, үйлесіп тұруға мәжбүр болады», шындығында, о баста үндесім-үйлесімі бөлек дыбыстардың артикуляциясының сөйлеу үстінде өзара кірігіп кететіні тағы бар.

Осыдан кейін дыбыс занылықтары дегенді түсінбеген шәкірт тауып көріңіз.

Тілтанымның қай саласына араласпасын Б.Қалиұлының басты үстанымы мен ұсынысы жеті атадан жалғасып келгендей бол, санамызға сіңіп қалған «еуропаөзімшіл» (европацентризм) дағдысынан арылу болды, арылу жолдарын насиҳаттау болып келеді. Сондағы мақсат – қазақ тілінің бірегей айтылым үлгісін дәріптеп, бірегей айтылым үлгісін сактап қалу.

Қазақ тілі дыбыстарының «төл құрамы» мен «төл занылықтары» деген сөздер босқа қайталанып жатқан жоқ. «Төл құрам» мен «төл занылықтарды» алдымен мектеп оқулықтарының авторлары дұрыс түсініп, дұрыс пайдаланулары керек. Қазақ тілінің оқулығы сол «төл құрам» мен «төл занылықтардың» үйретімі болу керек. Қазақ тілі пәннің мұғалімдері сол «төл құрам» мен «төл занылықтардың» ұстасы мен шебері болу керек. Сонда ғана болашақ үрпақтың аузынан әуезді сөз ести алатын боламыз, сонда ғана «қазақ тілі – әуезді тіл» деп шын мақтана алатын боламыз.

Профессор-фонетист Б.Қалиұлының тірлігінен алатын - тәрбие, білгенінен алатын – білім, білімінен конатын - ғылым осы болмақ.

Корытынды сөзді Б.Қалиұлының өзіне берейік: «Үндестік заңы – алтын заң. Ол – қазақ тілінің жаңы. Үндестік заңы бар екен, қазақ тілі де бар. Үндестік заңы жоқ екен, қазақ тілі де жоқ. Үндестік заңы бұзылса, қазақ тілінің де бұзылғаны. Үндестік заңы сақталса, қазақ тілінің де сақталғаны».

Осыдан асырып кім не айтап екен.

#### Пайдаланылған әдебиет

1.Б.Қалиев. Қазақ тіл індегі дауысты дыбыстардың редукциясы. Алматы, 1984.

2.Б.Қалиұлы. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. Алматы, 2006.

#### Résumé

*В статье анализируются фонетико-фонологические результаты работ проф.Б.Калиева.*

#### Resume

*The article analyses the phonetical and phonological results of Prof. B.Kaliev's works.*

Г.Смагурова,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
филол.г.д., проф.

## ТІЛ БІЛІМІНІҢ БІЛІКТІ МАМАНЫ

Бұлай деуге толық негіз бар. Ғалым алдымен білікті маман болу үшін өз зерттеу саласын әбден қопарады, сөйтіп жүріп ғылымның алтын тамырына кез болады. Бүтін жетпіс жылдық мерейтойын атап отырған профессор Байынқол Қалиұлы нағыз ғалымға тән ізденгіштік пен талап қойғыштық, әділдік және биік ғылыми мақсат жолында жан аямай еңбек ету, академик З.Қабдолов айтқандай, «өз уақытынды аямай, өзгенің бақытын аялай» қызмет етудің үлгісін көрсеткен ғалым.

Профессор Б.Қалиұлы ғылымның алтын тамырын адаспай жүріп, ерте тапқан, ғалым ретінде өз кезінде танылған, бағаланған деуге болады. Ол – лексикограф. Сөздік жасаудың «бір кісідей майын ішкен». Ол – лексиколог. Сөз қадірін, сөз байлығын, сөз реңкін тап басып тани алады, қазақ әдеби тілінің сан қабаттарын әбден менгерген. Ол – терминолог. Қазақ терминологиясына үлт перзенті ретінде қызмет етудің қалай болу керектігін іс жүзінде дәлелдей алған. Ол жасаған жаңа қазақи терминдер қаншама. Ал тіл саясаты, тіл мәдениеті, қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика сияқты мәселелер бойынша ғылыми мақалалары үзбей жарық көреді. Олардың әрқайсысында жаңа ғылыми идея, соны ізденіс бар.

Адам туралы жақсы сөз, он баға тегін айтылмайды. Академик Эбдуәли аға Қайдар бір сөзінде «біздің Байынқол еңбектің торысы ғой» деп еді. Мұнысы - ертеден қара кешке дейін және аптадан айларға, айлардан жылдарға жылжыған ғұмырын тек еңбекке арнап, қоғамына, айналасына сінірген еңбегін, істеген жұмысын ешбір бұлдамай, осылай болу керек деп қана бастаған істі аяқтамайынша тыным көрмейтін жанның әрекеті. Бұл профессор Б.Қалиевтің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ұзак жылдары (1967-1986) он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» жасаушылармен бірге бас алмай сөзтізбемен жұмыс істеудің бір кісідей қындығын бастан кешірген сәті еді. Осы Сөздік үшін үкімет марапатына ие болып, 1988ж. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын алды.

Ғылым жолын Ұлттық ғылым академиясында бастаған адамның әдетте сол ғылымға көзқарасы жан жақты, сан салалы бағыттардың ішінен бір биікті бағындыру үшін өз соқпағын, өз сүрлеуін салуы тиіс. Бұл ретте Б.Қалиұлы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасын 1966 жылы бітірген соң, Академияның Тіл білімі институтында кандидаттық диссертациясын академик Ісмет Кеңесбаевтың жетекшілігімен қорғауы, (1967 ж.) кейін 1991 ж. тілі білімінің докторы атануы - бәрі осы үлкен ғылым ордасындағы тілі білімі ақсақалдарының аялы алақандарының жылуын сезе

жүріп, өсті, қалыптасты. Ғылым деген әлемге жолға алаңсыз бет бұруығалымның өз бағыты мен жолын айқындауына негіз болды.

Еліміз егемендік алған соң, туған тіліміз қанатын жайып, ұзакқа, биікке ұшатын қырандай түлеген кезі еді. Міне осы тұста, тоқсанының жылдары Тіл білімі институты мамандарының біразы жоғары оқу орындарына қазақ тілінен дәріс беруге, ғылым мен ұстаздық қызметті қатар алғып жүруді ниет етті. Осы бір қадамды ойлап қарасақ, туған тілге деген жанашырлық және тіл үшін қызмет ету.

Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті профессор Б.Қалиұлының білімі мен біліктілігін шындаған оқуорны деуге болады. Студенттерге оқыған сапалы дәрістері жинақтала келе, оқу құралына айналды. Одан кейін қажетті оқулық мазмұнының көрсеткіші ретінде бағаланды. Мәселен, профессор Б.Қалиұлы көптеген оқулықтар мен оқу құралдарын жарыққа шығарды. «Тіл біліміне кіріспе» (1997), «Жалпы тіл білімі» (2000), «Сөз мағыналарының негіздері», (2002) «Қазіргі қазақ тілі» (2006), «Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі» (2008), «Танымдық қазақ тілі» (2009) сияқты еңбектері ЖОО-дағы қазақ тілі оқулықтар сериясына қосқан тың мазмұнды мен жаңа әдістемелік бағытты менгерген кітаптар.

Аталған кітаптар арасынан өзгеше бір аталатын «Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі» (2008) деген кітабын қолымызға тиісімен бас алмай оқып шықтық. Оқып шықтық та дереу ізденушілер мен аспирантарға оқуға кеңес бердік. Ғалым бұл еңбегінде ғылыми көпшілік соңғы кезде жиі қайталап, айтЫП та, жазып та, зерттеп те жүрген «әлемнің тілдік бейнесі» деген тіркеске орай, «тіл білімінің ғылыми бейнесі» деген терминдік тіркес ендіреді. Мәселен, тілдегі тұтас терминдер жүйесі қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесін қалыптастырады дейді. Сол терминдер жүйесінің негізінде тіл білімінің дүниетанымдық құрылымдары мен когнитивтік модельдерінің ғылыми атаулары бар. Автор осы атаулар бұрынғы теориялық ғылыми түсініктен гөрі, пәннің, мәселен, қазақ тілінің ғылыми бейнесін жасау ұстанымын жеңілдетеді дейді. Қазақ тіл біліміне тән бүкіл терминдер корпусын лексика-семантикалық топтарға бөліп, олардың ұғымдық, мағыналық байланыстарын көрсетіп, терминдік жүйеден концептілік және фреймдік құрылымдарды айқындау арқылы тіл білімінің ғылыми бейнесін жасауды мақсат етеді. Бұл ойын кітапта сызбалар арқылы қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесін отыз алты фреймге бөліп, көрсетеді. Қызық үшін деп емес, ғалым өз мақсатын қалай орындаған деп те оқып шығыңыздар. Менің бұл арада айтайын дегенім: профессор Б.Қалиұлы әр кез тіл біліміне қатысты жаңа ой тұжырымдарын ғылыми ортаға мұлдем басқа қырынан креатив дейміз бе, рационалдылық немесе реконструкция дейміз бе, инновация дейміз бе, әйтеуір өзіндік Б.Қалиұлына тән тіл танымдық тұжырымдары!

Ал қазақ сөзін қорғайтын қынаптан қылыш суырғандай әсер ететін баспасөз беттеріндегі атойлаған мақалалары бір бөлек әнгіме. Қазақ тілінде

арам шөптей қаптап кеткен шетелдік және орыс тілі сөздерін осылар осыншалықты керек пе, қазақ тілі бай тіл деп даурығамыз, сол байлықты енді неге игермеске деп, әсіресе, терминология жаны ауырған ғалымның терминжасау, қазақ сөздерінің терминденуі сияқты терминологияның қын да күрделі тұстарын батыл сынап, өзі де біраз жаңа термин сөздер жасап, еңбек сіңірді. Осылай болуы заньды да.

Ғалымның ғылыми еңбектері үзак жылдардың ідзенісінің нәтижесі. Студенттік жылдардан басталған алғашқы ұшқын өшпейтін алауға айналған. Үш жүзден астам еңбек жазу шығармашылық адамының өзіндік ғылыми кескін-келбетін, қалпын, мен мұндалаған мінезі мен стилін қалыптастырады. Ғалымның мақалаларын оқығанда Б.Қалұлына тән ғана принципшіл, турашыл «дауысын» естіп отырасыз.

Мәселен, Б.Қалиұлы жазған оқулық кітаптардың тілі окуға өте женил, кейбір оқулықтардағыдай түсінігі ауыр, аударма мәтіндер емес. Автор өзі ұстаз болғандықтан, теориялық материалдарды студенттің қабылдауына ынғайлап, әсіресе, сірекен терминдерді ұғынықты сөздермен баяндайды немесе өзі қазақша жаңа термин ұсынады. Мысалы, «Қазіргі қазақ тілі» оқу күралында мынадай жаңа қолданыстар бар:

Вариант – түрпет

Варваризмдер – басқыншы сөздер

Актив сөздер – жүрдек сөздер

Пассив сөздер – сырдақ сөздер

Лексикология – сөз таным

Омонимдер – тұлғалас сөздер

Омографтар – жазылымдас сөздер

Эвфемизмдер – сыпайы сөздер

Дисфемизмдер – түрпайы сөздер

Табу – тергеу сөздер

Перифраз – сипаттама сөздер

Плеоназм – жүптас сөздер

Калька – көшірме сөздер

Калькалау – көшірмелу

Этнографизмдер – елтаным сөздер

Окказионализмдер – бірқолданым сөздер

Экспрессивті-эмоционалды – пейілдік және сезімдік

Фразеология – түйдектаным

Фразеология – түйдектер, т.б.

Аталған сөздер ғылыми айналымда қолданыста жүріп, бәлкім терминдік жүйеге енүі де мүмкін. Мәселе бұл арада автордың тілші қауымға ой салуы, қалыптасқан терминнің орына елең еткізетін сөздердің пайда болуы да заньдылық. Себебі жаңа қолданыстар көбінесе, оқулық, оқу күралдарында қалыптасқан норма ретінде қабылданады. Ал бұкаратын ақпарат күралдары арқылы таныстырылып жаткан терминдердегі пуризмге

дейін барған ала-құлалық шынында дау туғызады. Осы айтыс-тартыстар арасында профессор Б.Қалиұлының кисынды уәжі айтылып жатады. Термин сөздерге келгенде ойын бұқпай, қайта қазақ тілінің ертеңі үшін шырылдаған даусын өз арамызда, өз ортамызда кейде естімей жатуымыз қиянат.

Көпшілік оқырман осы кісінің өсімдік атауларына қатысты сөздігін іздел, сұрап жүріп оқиды. Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының баспасөзде болсын, ауызекі сөйлеуде болсын онды-солды бірде орысша, бірде қазақша аралас қолданылуы тіпті сорақылық. Қазақстандағы алты мыңнан астам өсетін өсімдік түрлеріне ежелден ата-бабамыз ат қойып, айдар тағып кеткені рас қой. Тіпті қазаққа таныс өсімдіктердің қазақша атаулары ұмытыла бастады. Мұны, салақтық дейміз бе, өз мәдениетімізге мән бермеу дейміз бе, әйтеуір осы ұяттан құтқарған ғалым Байынқол Қалиұлы. Қазақтар өсімдік атауларын орысша айтқанда тәуір көреді. Өйткені қазақша аты аузына түсе қоймайды. Оның үстіне базардағы, бақшадағы гүл, дәрілік шөптер тек орыс тілділердің еншісінде болғандай, көп атауларды солар таныстырады. *Rauhan*, *қызгалдақ*, *туймедақ* дегеннен бұрын роза, тюльпан, ромашка дегенді жылдам айтамыз. Дәрілік шөптердің түрлерін дәрі-дәрмек алғанда ішіндегі нұсқаулықтан қазақшасын оқып, апърай-а, мындалай да сез бар екен деп танданатынымыз бар. Ал осы атауларды бір жүйеге түсіріп, ғылыми талдаулар жасаған тілшінің енбегі зор-ақ...

Ол кісінің «Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының лексика-семантикалық және морфологиялық құрылымы» деген кітабы арқылы бүкіл өсімдік атаулы қазақи атына қайта оралып, өз тілімізде тұрақталды. Үлкен ғылыми еңбектің жеміс ретінде, (40 жыл бойы Қазақстанның барлық жерін аралап жүріп және архивтер мен экспедиция материалдарын жинаған ) осы зерттеу арқылы қазақ жеріндегі өсімдіктер атаулары қазақша түгенделді. Бұған дейін биологтардың зерттеулері мен ботаниктердің лабораторияларында салалық терминдер қатарында орысшасымен танылатын өсімдік атаулары тіліміздегі қазақшалары жиналып, жоғының баламалары жасалып, (оның өзі 3550) сөздікке енді.

Егер түрлі ғылым саласында жүрген әр қазак өз саласы бойынша басқа тілден еніп жатқан сөздерге мындалап емес, жүздел қана балама сез енгізіп жүрсе, туған тіліне ұлт перзенті ретінде қанашама еңбек сінірер еді. Алғаш рет 1993 және 2005 жылы екінші рет басылған «Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігін» жүртшылық қазір емге таба алмайды.

Қазақстанда «Гүлстан» деген атынан да белгілі тек гүлдер туралы жазатын жақсы басылым бар. Осы журналдың қазақша шығуына, ондағы материалдардың мазмұндылығына бір кісідей еңбек сініріп жүреген осы – Б. Қалиұлы. Өйткені өсімдік атаулары туралы мол мағлұмат ғылыми түрде зерделеніп, осы кісінің қаламынан өтетіні белгілі. Білімдінің білгенін жүргүнеші сұрап жүрсе, айтқанына құлак асып, кәдеге жаратып жатса, онда ғалым игерген мол ғылымның қолданбалы нәтижесінің бағы жанғаны.

Эр ғылым салаларының өз шықкан биігі, алар атақ-абыройы әр түрлі. Бірде медик-аспиранттың қазақ тілі туралы да диссертация жазыла ма деген таңқалған сұрағын естігенмін. Содан ұзақ ойландым. Шынында тіл білімінің жаңалықтарына тек тілшілер ғана қуануы керек пе? Дәрігер жаңалық ашса, бәріміз қуанамыз, әлде бір аурудың емі табылыпты деп. Экономикадан жылт еткен жаңалық болса, күн көрісімізде бір өзгеріс болар деп үміттенеміз. Тіпті қай салалық ғылымның жаңалығынан болсын, тілшілер шет қалмайды. Ең берісі сол ғылымның терминологиялық корпусын талдаймыз. Содан түйсінгенім: ғылымның ғылымы – тіл білімі. Салалық ғылымды зерттеп жазуға ұлттың дамыған әдеби тілін сарапал беретін, әрине, тілші ғалым. Бүкіл лексикалық құрам қабаттарындағы сөздерді қолға ұстаратындей жүйелілік мәселесі тағы бар. Түсінікті етіп, ғылыми мәтінгүзу тілді терең білетіндердің ісі. Оны да зерделеп беретін тілші. Тіл ұлттың жаны болғанда, жанның ауырған тұсын тап басып диагноз қоятын да тілші. Ал бұл әлуеметтік әрі саяси мәселе. Сонда тілші еңбегі ұшан теңіз екен.

Сөз деген әлемнің шартарабын зерттеп, жоғалғаныны тауып, барын базарлататын тілшілердің болғаны қандай ғанибет! Солардың арасында жаңалық ізден жүрген тіл білімінің білгір маманы ғалым Байынқол Қалиұлы! Нагыз ғалым бәрін білдім демейді. Білмеген тоқсан тоғызыңыз әлі де бар болса, ол осы жетпіс жасыныздан кейін аштын жаңалықтардың үлесі болсын!

### *Резюме*

*Статья посвящена видному ученому и исследователю казахского языкоznания профессору Байынкол Калиеву. Анализируются научные труды и педагогическая деятельность.*

### *Summary*

*The article devotes to a well-known scientist and investigator of Kazakh linguistics, prof.B.Kaliev. And this article analyses scientific works and pedagogical activating.*

*Рысалды Қ.Т.*

*Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТУ  
профессоры, филол. ғылымдарының докторы*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ**

Казіргі әлемдік тіл білімінің антропоцентрлік парадигмасы жаңа өріске бағдар алған, оның сан саласының ішінде тілдің коммуникативтік, прагматикалық және когнитивтік қызметтерін теренінен ашуға бағытталған осы аттас салалары қарқынды дамып келеді. Солардың қатарында тілдің жүйелік болмысы – тіл мен оның екінші қыры - сөйлеуді (сөйлеу тілін) біртұтастықта функционалды семантикалық, коммуникативтік тұрғыдан зерделейтін функционалды грамматика теориялық жағынан негізделу үстінде.

Тіл білімі аумағында грамматика әр кезде де функционалды болған. Тілдік тұлғалар әрқашанда да екі жақты: кезкелген тілдік бірлік форма (тұр) мен функциядан (мағынадан) қалыптасады да, ол тұлғалық жағынан да, оның қызметі жағынан да сипатталады. Тіл білімінде тілдің ішкі жүйесін өзіне тән бірліктері негізінде әр алуан деңгейге жіктей отырып зерделейді. Соның ішінде көптен сараланып зерттелген деңгейі грамматика. Грамматика шектеулі тар мағынада морфология мен синтаксис деңгейлерін қамтып, солардың тұлғаларының қызметтері мен мағыналарын ашу мақсатын алға қойды. Өз кезінде қазақ тіл білімі “ғылыминың негізін қалаған”, “қазақ тілін тұңғыш рет ғылым тұрғысынан зерттеген” [1,116] Кұдайберген Жұбанов грамматиканың XIX ғасырда тілдің формаларын зерттейтін морфология мен синтаксистен тұратын ұстанымын айта келіп, оны формашылдардың көзқарасы деп есептеді. Өзінің “Қазақ тілінің грамматикасы” атты еңбегінде ғалым тіл зерделеуде форманы ғана қарастырмай, оның функциямен тығыз қарастырудың маңыздылығын баса көрсетіп, грамматиканың үш деңгейін: фонетика, морфология және синтаксисті сипаттаған [2,82-83].

Тілдік формалардың функционалдық тұрғыдағы қыр-сырларын кеңінен ашуға үлкен ықпал еткен, осы жолда жаңашылдықтың үлгісін көрсеткен қазақ тілі білімінің белгілі қайраткері Сәрсен Аманжолов еді. Ғалым қандайда болмасын тіл тұлғаларының қызметтерін синтаксистік категориялар ауқымында зерделей отырып, морфологиялық шак, жақ, көптік сияқты категориялардың сөйлеу үдерісінде жалпытілдік категориилар, мысалы темпоралдық, локалдық деңгейіне көтерілетінін зерделеуі қазіргі функционалды грамматиканың өркендеуінің алдын алғанға ұқсайды [3].

Қазақ тілінің грамматикалық құрылышы ғылыми негізде жиырмасыншы ғасырдың басынан бастап тереңірек зерттеле бастады. “Тіл - құрал” атты еңбегімен қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ грамматикасының ғылыми негізін қалады [4]. 1913-1915 жылдарда жазылған “Тіл - құрал” қазақ тілі грамматикасының терминологиялық аппаратын теориялық

тұрғыдан ана тілінің төл сөздері негізінде қалыптастырылан, аз уақыт ішінде өзінен көп ғасыр бұрын бастау алғып дамыған, ғылыми тұрғыдан кемелденген европа тілдері грамматикаларының деңгейіне жеткен еңбек болды. Ол қазак тілінің негізгі үш жүйесін сипаттап, тыннан түрен тартқан "қазак грамматикасының шын мәніндегі "төл басы" болды [5,4 б.]. Айтса, айтқандай, сол кезеңнен бері академиялық грамматика деңгейінде жазылған 1954 жылғы "Қазіргі қазак тілі"[6], 1967 жылғы екі бөлімді "Қазақ тілі грамматикасы" [7], 2002 жылы шықкан "Қазақ грамматикасы" - "Тіл - құралдың" заңды мұрагерлері ретінде сол бастаудың алтын арқауында қазак грамматикасын жаңа ғылыми деңгейлерге көтерген жалғасы. Бәріне ортақ ұстаным "Қазіргі қазак тілі" дегендеге тілдің құрылышындағы негізгі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деңгейлерін жеке-жеке алғып семасиологиялық бағытта сипаттауы, ал осы үрдіс өткен ғасырдың 60-70-інші жылдарында жазылған еңбектерде жалғасын тапқан.

2002 жылы осы өткен уақыттар аралығындағы көптеген соны зерттеулер нәтижелерін теориялық тұжырым ретінде қамтыған "сипаттамалы нормативті (академиялық)" "Қазақ Грамматикасы" тілдің төрт деңгейін: фонетикасын, сөзжасамын, морфологиясын, синтаксисін зерделейді. Бұл грамматика да семасиологиялық, яғни "формадан функцияға" бағытында жазылған, осы тұрғыдағы бұрынғы грамматикалардан оның ерекшеленетін соны тұстарының бастысы - сөзжасамның қазақ тіл білімінде жеке тілдік деңгей ретінде сипатталуы және синтаксистің сөз тіркесінен, сөйлемнен басқа жоғары деңгейдегі синтаксистік бірлік ретінде күрделі синтаксистік тұластықты, сонымен бірге синтаксистік синонимияны зерделеуі [5]. Қазіргі қазақ тілінің грамматикаларына ортақ сипат – семасиологиялық бағыт және де тілдің деңгейлерін жеке дара өз алдына сипаттау, сонымен бірге грамматиканың тар ұғымында бірде тек морфологиялық және синтаксистік деңгейлермен шектеу ("Қазақ тілінің грамматикасы – 1967"), бірде грамматика ауқымына олардан басқа деңгейлерді қоса қарастыру ("Қазақ грамматикасы – 2002").

Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ тілі грамматикалық терминдерінің тағдыры о бастаң ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының кеменгерлігі арқасында бір жола және түбекейлі өз ана тілінің төл терминдері болып шешілген, сол арқылы қазақ тіл білімі ұлттық ғылым болып қалыптасты . Қазақ тілі грамматикалық терминдерінің ерекшеліктерін Ахмет Байтұрсынұлының тілдік атауларға о бастаң қазактың байырғы сөздік қорынан лайықты сөздерді дәл тауып, грамматикалық категориялардың мағыналары мен қызметін терен түсіне отырып қолданғанынан көреміз. Сонымен бірге дана ғалымның сол байырғы сөздерді жаңа да тың ауқымда қолданып, оларды ғылыми терминдік дәрежеге жеткізгені үлкен жаңашылдығымен қатар қазақ тілінің ғылым тілі бола алатын кең де терен мүмкіншілігі бар бай, әлеуетті тіл екендігін нақты түрде дәлелдеді. Ол қолданған грамматикалық терминдердің өздері атап тұрған грамматикалық құбылыстардың негізгі

қасиетін дөп басып атауы дәрежесінен оның әлем тіл білімі ғасырлар бойы адымдаған жеткен деңгейге қазақ тіл білімін ғарыштық жеделдікпен жеткізгенін көруге болады.

А.Байтұрсынұлының грамматикалық терминдері уәжділік негізделуі жағынан екі түрғыда қалыптасқан деуге болады. Бірінші жағдайда атаулар сол грамматикалық құбылыстың негізгі семантикалық категориалды сипатына сай дөп басып айтылған, мысалы, зат есім, сын есім, сан есім. "Тіл құралдың" 1-ші кітабында зат есімді "сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды" дөп қыска тұжырымдал, сөз табының семантикалық ауқымын нақтылы ұғыммен шектесе, сол енбектің екінші жылдыққа ариап жазған нұскасында зат есімнің сөз табы ретінде кең ұғымдық ауқымды қамтитының айқындал, оның конкретті заттар мен қоса абстракты заттарды атайдының аныктап көрсетуі қазіргі кездегі тіл біліміндегі теориялық дәрежеге сай келеді; ой объектісі болатын кез келген ұғымдар (мысалы, достық, байлық) зат есім болып аталатының автордың терең түсінгенін көрсетеді. Ал сын есімді тек сыны (relative Adjektive): мысалы, біл, аласа, сыр сыны (absolute Adjektive): мысалы, жасыл, көк дөп атауы сын есімнің неміс тілі грамматистерінің кейінгі кездегі сын есімді ішкі саралау жүйесіне сәйкес келеді. Бұл саралау сын есімнің дәстүрлі сапалық, қатыстық сын есім болып жіктелуінен өзгешелеу.

Етістіктердің сабакты, салт түрлері атауларының мотивациялық негізделуі өте тереңде жатыр, атаулар осы етістіктердің мән-мағынасын дәл анықтайды. "Сабактас" атауы "сабактау" (инені сабактау) етістігінен туынды түбір тұлғасында жасалған болуы керек, "салт" атауы "салт атты" тіркесіндегі "салт" сын есімінен терминге айналып, етістіктердің жалпы категориалдық мағынасын айқын беріп тұр. Бұл терминдердің теориялық негізделуі қазіргі тіл біліміндегі валенттілік теориясының алдын алғанға үқсайды. Оның негізгі ұстаным теориясы кез келген сөздің мән-мағынасының толық ашылуы оның айналасына, онымен мағыналық байланысқа түсетін, сонымен мәндес, сабактас элементерге байланыста екенін ашады. Казақ тіліндегі сабакты, салт атаулары етістіктің мағыналарын аша түсетін, сонымен семантикалық сабактас толықтауыштың (актанттардың; Ergänzung) байланысуына, не ондай сабактас элементсіз мағынаның ашылуына негізделсе, неміс және орыс тілдеріндегі осы категориялардың атауларына (transitiv-intransitiv; переходный/-непе-реходный) етістік атап тұрған іс-әрекеттің басқа бір объектке өту не етпеуі негіз болған. Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алған қазақ тілінің грамматикалық дәстүрі қазіргі уақытта замана талабына сай деңгейде дамып келеді.

Сонғы кезде тіл білімінде грамматиканы кең мағынада қарастыру орын алып отыр. Ол грамматика ауқымын тек морфология және синтаксиспен шектеп қана қоймай, оның аясын фонологиялық, лексикологиялық, фразеологиялық, сөзжасам деңгейлерімен кеңейтіп, жеке деңгейлік категориялардан гөрі ауқымды, белгілі бір семантикалық ұғымды барлық

денгейлердің тығыз қарым-қатынасы арқылы жүйелі түрде бере алатын жалпытілдік категорияларды зерделейді. Болмыстың әртүрлі қырларын бейнелейтін ұғымдық категориялардың тілдік көрінісі, яғни тілде берілетін формалары ономасиологиялық бағытта зерделенеді, тіл білімінің бұл саласын ономасиологиялық функционалды грамматика деп атау дәстүрі қалыптасып келеді.

Осы бағыттағы функционалды грамматиканың теориясын еткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап дамытуға ат салысқан тіл мамандарының ішінде өз отандастарымыз А.П. Комаровтың [8], М.М.Копыленконың [9], З.Қ.Ахметжанованың [10] еңбектерін ерекше атауымыз керек. Аталған ғалымдардың игілікті бастауы біздің тіл білімінде ары қарай кеңінен өріс алды. Ұғымдық категориялар негізіндегі жалпы-тілдік категориялардың ана тіліміздегі табиғаты басқа тілдермен салғастыра отырып зерделенуде. Біздегі функционалды грамматиканың теориясының дамуына З.Қ.Ахметжанова [10], Т.Сайрамбаев [11], А.М.Ерімбетова [12], М.Б.Нұртазина [13], Б.Қапалбеков [14] сияқты тіл мамандарымыз өзіндік үлестерін қосуда.

Белгілі отандас ғалым М.М.Копыленко орыс тіліндегі жалпытілдік сандық категорияның тұтас болмысын функционалды грамматика теориясы ауқымында сипаттады. Сандық ұғымды білдіретін тілдік бірліктердің мән-мағынасын аша отырып, сандық семантиканың ішкі жіктелуін айқындады, ономасиологиялық бағытта сол тіл бірліктерінің ара байланысын зертеу арқылы сандық категорияның жүйелік-құрылымдық сипатын ашты [9].

Функционалды грамматиканың негізгі қағидасы болмысты пайымдау барысында адам санасында қалыптасқан ойдың мәнін берудегі грамматикалық бірліктердің тілдің басқа деңгейлер бірліктерімен тығыз қарым-қатынастағы қызметінің зандалықтарын зерделеп сипаттау. Тілдің барлық деңгейлерінің бірліктерінің бір бірімен өзара қарым-қатынасы жалпы тілдік ұғымдық категориялар негізінде болады.

Қандай да болмасын жалпытілдік категориялардың негізінде әрқашанда ұғымдық категория жатады. Ұғымдық категория болмыстың сан қырсының адам санасындағы бейнесі. Ол адамдардың бәріне ортақ ұғым болып келеді, себебі адамдардың дүниетаным қасиеттері ұқсас. Ұғымдық категория тілден тыскары /внезыковая/, тілдің құрылымына тәуелді емес, керісінше ол тілдік құрылымға негіз болады, соның түп нұсқасында жатады. Тіл білімінде ұғымдық категория туралы теориялық негіздеме белгілі ғалымдардың пайымдауында әр қырларынан танылған; В. фон Гумбольдт "универсалды категория" деп атаса, "ұғымдық категория" деп алғаш атаған О.Есперсен. Г. Пауль өзінің тіл білімінде кең танымал "Принципы истории языка" атты еңбегінде өз кезіндегі младограм-матиктердің дәстүрінде "психологиялық категория" деп, оның грам-матикалық категориямен арақатынасын зерделейді [15, 315-321 бб.]. Ғалым грамматикалық категориялар тек осы "психологиялық" ұғымдық категориялар негізінде